

**Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор**

НҰРТАЙ КӘРБАНҚЫЗЫ

1986 жыл. Қаңтар. Таңертеңгі сағат 7.50. Кафедраға Нұртай Кәрбанқызы келіп кірді. 8.00-дегі сабағына келген беті екен... Осыдан бірер күн бұрын, жаңа жыл қарсаңында, кафедра меңгерушісі Нұртай Кәрбанқызының туған күні жақындап келе жатқанын айтып, бірқатар ұйымдастыру шараларын жүргізген. Бүгінгі күн – сол күткен күніміз. Сағат 10.00. кезінде кафедра мүшелері түгел келуге тиіс. Мен Нұртай апайға сәлем беріп, жаңа жылымен, туған күнімен құттықтадым. Апай болса шын қуанып жатыр. Ішімнен апайдың бүгінгі күнгі сабағын жас оқытушылардың біреуі ауыстыра қоймаған екен-ау деп қалдым.

Сабақ аяқталды. Сексен минут өтті де шықты. Таңертеңгі сабақтың өз ерекшелігі бар: тез өте шығады, мазмұны ойдағыдай болады; оқытушы шаршамайды. Сексен минут үздіксіз лекция оқығанына қарамастан, Нұртай апайдың жүзінен шаршағандықтың ізі білінбейді. Қабағы ашық, жүзі жарқын, көзінен мейір шуағы төгіледі.

Қазақ әдебиеті кафедрасының кезекті бір мәжілісінде осы кафедраның ең сыйлы доценті Нұртай Кәрбанқызы студенттердің педагогикалық практикасының қорытындылары жөніндегі ойларын ортаға сала отырып: «Әрбір студентке болашақ ұстаз, келешек тәрбиешісі деп қарап, олардың білімі мен дағдысына деген талапты осы тұрғыдан қою дұрыс болады», – деген болатын. Сабаққа кетіп бара жатып, апайдың осы бағыттағы ойларын кеңірек білу керек екен-ау деп ойлағанмын. Оның үстіне Нұртай Кәрбанқызы 1948 жылы университетті бітірген соң, Қаскелеңдегі Абай атындағы орта мектепте, кейінірек Алматыдағы № 12 қазақ орта мектебінде қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы болып қызмет атқарған-ды. Орта мектепте әдебиет пәнін оқытудың әдістері мен тәсілдерін жете біледі. Осы бағытта

бірқатар ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізген. Студенттердің педагогикалық практикасын орта мектепте өткізудің қыр-сырына қанық.

Кафедра жиналғанға дейін біраз уақыт бар. Нұртай Кәрбанқызынан бұл орайдағы ойлары мен ұсыныстарын кеңірек баяндауын өтіндім.

– Біздің студенттеріміз университетті бітіргеннен кейін, негізінен, педагогикалық және ғылыми-педагогикалық қызметке барады. Қоғамымыздың жеткіншектерін, алдағы күндердің озат та биік идеялы адамын тәрбиелейтін, ғылымды алға асыратын – осылар. Заман талабына, қоғамның ілгерішіл мұратына рухани адал қызмет ететін арлы, кіршіксіз және талапшыл адамдар да осылардың алдынан шығуға тиісті.

– Мұндай жұмысқа шәкірттеріңізді, студенттеріңізді дайын деп ойлайсыз ба?

– Мұндай іске біздің студенттеріміздің бәрі дайын болмауы мүмкін... Иә, дәлірек айтсақ, бұл іске студенттердің біразы дайын емес.

– Мұның себебі неде деп білеміз?

– Бұл арада тек біз ғана емес, бізбен қатар мектеп, негізінен, мектеп жауапты. Өйткені адам бойындағы кәсіптік бейімділік мектеп партасында отырған кезеңнен бастап қалыптаса бастайды. Сонымен бірге факультетке студенттерді қабылдау ісіндегі талапкершілдіктің жетімсіздігінің әсері де бар. Биылғы жылдан бастап, жоғары оқу орнына түсушілермен кәсіп бағдарлау бағытында әңгімелесу өтеді екен. Бәлкім, мұның пайдасы болар.

– Ұстаздық қызметке жалпы дайындығы жеткіліксіз деп білетін студенттеріңізге қандай тілек айтар едіңіз?

– Адам тәрбиелеу ісін, қоғамымыздың келешегін кәсіптік дайындығы жеткіліксіз жанның қолына қалай сеніп тапсыруға болады?.. Оның үстіне, оқушы бойына ізгілік, адамгершілік тазалық рухын, ой мен сезім адалдығын сіңіруде әдебиет пәнінің мүмкіндігінде шек бар ма? Ондай мүмкіншілікті пайдалана білмеген әдебиет маманы мектептің маңайынан жүрмей-ақ қойса болмас па...

– Өзіңізбен қатар қызмет атқарып келе жатқан жас оқытушыларға бүгін, дәл қазіргі сәтте қандай кеңес айтар едіңіз?

– Оқу мен оқытуға деген құштар тілегін ешқашан жоғалтпасын...

– Рақмет, апай...

Бұдан он жылдан астам бұрын бізге СССР халықтары әдебиеті пәні бойынша лекция оқыған кездерде де Нұртай Кәрбанқызы студенттерін оқытуға, оқуға деген жігерлі құштарлығымен еліктіріп, баурап алатын. Әдеби шығармаға негіз болған өмір шындықтарының сырын ашып, студенттерді әдебиет пен өмірдің арасындағы эстетикалық қатынас ерекшеліктерімен сүйсіндіретін. Оның кейбір себептерін кейін білдік. Апайдың диссертациялық зерттеуі әдебиет пен тарихтың арақатынасы мәселелеріне арналған болып шықты. Университеттің аспирантурасында қазақ әдебиеті мамандығы бойынша күндізгі бөлімде оқып жүріп, 50-жылдардағы қазақ поэмаларындағы тарихи тұлғалар бейнесінің жасалу жолдары жайында үлкен еңбек жазып шығыпты. Осының бәрі Нұртай апайдың лекциясының мазмұнды да мәнді, әсерлі болуының басты негізі болғандай екен. Шағын лирикалық шығармалар табиғаты туралы лекциясын да апай барынша әсерлі оқушы еді. Әсіресе Шығыстың жеті жұлдызы атанған ақындардың творчествосы туралы сөз бастағанда, лектордың бойын ерекше шабыт билеп, сабақтың мазмұндық және эмоциялық қуаты әдеттегіден әлденеше есе артып кетуші еді. Әлі де сол қалпы шығар деп ойладым.

Шығыс халықтары әдебиетінің көркемдік-эстетикалық әлемі өте бай, адамзаттың рухани кемелдігі үшін аса маңызды. Әсіресе ондағы ғибратты сөздер мен сюжеттердің тереңдігімен теңдесер шығармашылық үлгілер өте сирек. Өмір, адам өмірінің мәні хақындағы жауһардай жарық шашқан асыл ойлар әлеміне телміріп қарап отырып, алдымыздан осынша қасиетті қазына-байлық қақпасын ашқан Нұртай Кәрбанқызының өзіне де, сөзіне де ішімізден разы болып отырушы едік. Курс аяқталғанда Нұртай апай маған бірнеше кітаптарын берген болатын. Солардың ішінде «Калила мен Димна» көзіме оттай басылды. Мектеп кітапханасында оқыған, бірақ көп жайларын үстірт қабылдаған бұл кітаптың асыл әлемін Нұртай апайдың сабағы арқылы қайта ашқандай едім. Кітапты асықпай-аптықпай қайта оқырмын-ау деп жүруші едім. Сөйткен «Калила мен Димнаны» ұстаз апай өз қолымен ұсынғанда, қатты толқыдым. Сондағы: «Апай осы кітапта көрініс тапқан оқиғалар сырынан ғибрат алсын деп тұр-ау», – деп ойлағаным есімде. Толқуым сол ойдың толқындарынан туған болар деп шамалаймын бүгінде. Нұртай апайдың қолынан алған «Калила мен Димна» үнемі көз алдымда, үс-

төлімнің үстінде. Бір оқыған оқыған бола ма. Көңілім әлденеге алаң болса да, ойымнан алаң кетіп, көңілім жай болғанда да, адамдық, адалдық, ақыл-ойдың, ниеттің тазалығы туралы ғибраттар әлемімен оңаша қалғым келгенде де осы кітапты қолыма аламын. Өмірде басымнан өткен кейбір жайларға қатысты содан түсінік іздеймін. Іздеген сайын, әлдебір асыл ойдың жарығын көрген сайын Нұртай апайдың адамгершілік, аналық, ұстаздық, қамқорлығын сезінгендей боламын.

Жалпы көркем әдебиет әлемі ұлт өмірінің әлемі ғой. Ұлттың атам заманынан бері жалғасып, сан ғасырлардың сыны мен тезінен өтіп қалыптасқан даналық ойлары, ізгілік иірімдері, ақыл-ойы, ар-ожданы, абыройы... – бәрі де сонда. Қазақ әдебиеті кафедрасы осылай дейді. Нұртай апай да соны айтады. Кейін біз де осыны айтатын болдық. Өйткені бұл пікір де емес, қағида да емес, шындықтың өзі екен.

Қырық жылға жуық уақыт бойы оқу мен оқытудан бір талмай, енді міне, кафедраға аттап кірген адыммен тағы бір биік белеске аяқ басқан сәтінде ұстаз анаға шәкірті ретінде ойымдағы жақсы сөздерімді аямай айтып, құрметімді білдірсем деп оңтайлана беріп едім, кафедра меңгерушісі бастаған бір топ оқытушы-профессорлар кіріп келіп, Нұртай Кәрбанқызын жапа-тармағай құттықтай жөнелді: – Құтты болсын! Творчестволық табыс тілейміз! Ұзақ ғұмыр тілейміз! Еңбегіңіздің жемісті бола беруіне тілектеспіз! Бақыт тілейміз!..

Нұртай Кәрбанқызы әріптестерінің ортасында қалыпты. Құшағы толған гүл. Жүзінен шын қуаныш, шын бақыт нұры төгіледі.

Әңгімеміздің аяқталмағанына қарамастан, мен де қуандым.

1986

Соңғы қаралған уақыты:
07.02.2024